## Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 176 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 сәуірде № 10760 тіркелді.

"Трансферттік баға белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.12.2017 № 728 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде оны мерзімдік басылымдар мен "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

*Министр* *Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 16 наурыздағы
№ 176 бұйрығымен
бекітілген

## Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.12.2025 № 782 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Трансферттік баға белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген және мәмілеге қатысушының мәміле мониторингі бойынша есептілік нысандарын толтыруы мен оларды уәкілетті органға тапсыру тәртібін, сондай-ақ мәмілеге қатысушылардың мәміле мониторингі бойынша құжаттама жүргізуінің тәртібін айқындайды.

2. Мәмілелер мониторингін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдары халықаралық іскерлік операциялар бойынша мәмілелерге қатысушылар қолданатын бағаларға бақылау жүргізу жолымен жүзеге асырады.

**2-тарау. Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру тәртібі**

3. "Мәмілелер мониторингі бойынша есептілік ұсынылатын халықаралық іскерлік операциялардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 194 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10680 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тізбе) мәмілелер мониторингі бойынша есептілік ұсынылатын халықаралық іскерлік операциялар тізбесі бойынша халықаралық іскерлік операцияларды және кірістердің ( шығыстардың) және (немесе) міндеттемелердің есепті қаржы жылындағы жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті қаржы жылының бірінші қаңтарында қолданыста болатын кемінде 250 000 (екі жүз елу мың) айлық есептік көрсеткішті құрайтын, операцияларды жүзеге асыратын мәмілелерге қатысушылар осы Қағидаларға 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша "Мұнай және (немесе) газ конденсаты экспорты", "Тауарлар экспорты", "Орындалған жұмыстардан және (немесе) көрсетілген қызметтерден түсетін кірістер бойынша халықаралық іскерлік операциялар" және "Берілген қарыздар бойынша халықаралық іскерлік операциялар", сондай-ақ осы Қағидаларға 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша "Тауарлар импорты", "Алынған жұмыстардың және (немесе) қызметтердің шығыстары бойынша халықаралық іскерлік операциялар" және "Алынған қарыздар бойынша халықаралық іскерлік операциялар" мәмілелер мониторингі бойынша есептілікті (бұдан әрі – есептілік нысандар) ұсынады.

Есептілік нысандар осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне (бұдан әрі – Комитет) есепті жылдан кейінгі жылдың 15 мамырынан кешіктірмей ұсынылады. Күнтізбелік бір жыл есепті кезең болып табылады.

4. Толтырылған есептілік нысандары мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдау және түзету жүйесі (бұдан әрі – МКО АЖ) арқылы - ақпаратты компьютерлік түзетуге жол беретін электрондық түрде табыс етіледі.

Есептілік нысандар электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады.

МКО АЖ орталық торабы қабылдаған, хабарламада көрсетілген күн Комитетке есептілік нысандарды электронды түрде табыс етілген күні болып табылады.

Комитетке есептілік нысандарды тапсыру үшін осы Қағидаларда белгіленген мерзімнің соңғы күнінің жиырма төрт сағатына дейін МКО АЖ арқылы табыс етілген есептілік нысандар мерзімінде табыс етілді деп есептеледі.

Есептілік нысандарды электронды түрде табыс етілген кезде Комитет МКО АЖ қабылдаған кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей мәмілеге қатысушыға көрсетілген жүйенің есептілік нысандарын қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарлама жібереді.

Есептілік нысандарды, егер:

1) осы Қағидаларда белгіленген нысандарға сәйкес келмесе;

2) мемлекеттік кірістер органының коды көрсетілмесе немесе дұрыс көрсетілмесе;

3) сәйкестендіру нөмірі көрсетілмесе немесе дұрыс көрсетілмесе;

4) салық кезеңі көрсетілмесе;

5) электрондық цифрлық қолтаңбасы болмаса немесе дұрыс емес болса;

6) осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген "Мұнай және (немесе) газ конденсаты экспорты" есептілік нысанын толтыру тәртібінің 66) тармақшасында, осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген "Тауарлар экспорты" есептілік нысанын толтыру тәртібінің 40) тармақшасында және осы Қағидаларға 5-қосымшада келтірілген "Тауарлар импорты" есептілік нысанын толтыру тәртібінің 40) тармақшасында көзделген талаптар бұзылса;

7) есептілік нысандардың электрондық формат құрылымы бұзылса Комитетке ұсынылмаған болып есептеледі.

Мемлекеттік кірістер органдарының бағдарламалық қамтамасыз етілімінде электрондық түрдегі мәмілелер есептілік нысандарды уақтылы табыс етуге әсер ететін техникалық қателер анықталған кезде, Комитет есептілік нысандарды табыс ету мерзімін осындай есептілік нысандарын табыс ету үшін белгіленген мерзімнен бастап алты айдан аспайтын кезеңге ұзартады.

5. Осы Қағидалардың 2-тармағында айқындалған мәмілелерге қатысушыларда есепті кезеңде халықаралық іскерлік операциялар болмаған кезде, мұндай мәмілелерге қатысушылар есептілік нысандарды Комитетке табыс етпейді.

6. Егер есептілік нысандарды табыс ету мерзімінің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге келген жағдайда табыс ету мерзімі келесі жұмыс күні болып табылады.

7. Мемлекеттік кірістер органдары Заңның 6-бабына сәйкес халықаралық іскерлік операциялардың мәмілелер мониторингін жүзеге асырады.

8. Есептілік нысандарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілетін осы өзгерістер және (немесе) толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша есептілік нысандарды табыс ету жолымен жүргізіледі.

Қосымша есептілік нысандарды табыс ету және түзету осы Қағидалардың 4-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қосымша есептілік нысандарды жасағанда бағандарда деректер өзгертілген жағдайда жаңа мәндер көрсетіледі, деректері өзгермеген бағандарда бұрын табыс етілген есептілік нысандарда көрсетілген бастапқы мәндер көрсетіледі.

Мәмілелерге қатысушылар табыс етілген есептілік нысандарға өзгерістерді және ( немесе) толықтыруларды трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша тексеру жүргізу басталғанға дейін енгізеді.

## 3-тарау. Мәмілелер мониторингі бойынша есептілік нысандарын толтыру тәртібі

9. "Мұнай және (немесе) газ конденсаты экспорты", "Тауарлар экспорты", " Орындалған жұмыстардан және (немесе) көрсетілген қызметтерден түсетін кірістер бойынша халықаралық іскерлік операциялар" және "Берілген қарыздар бойынша халықаралық іскерлік операциялар" есептілік нысандары төлеу уақытына қарамастан, экспортқа өткізумен байланысты мұнайдың, газ конденсатының және тауарлардың тиеп-жөнелтілуіне, жұмыстардың орындалуына, қызметтердің көрсетілуіне және қарыздардың берілуіне қарай, осы Қағидаларға 1, 2, 3 және 4-қосымшаларда келтірілген есептілік нысандарын толтыру бойынша түсіндірмелерге сәйкес толтырылады.

10. "Тауарлар импорты", "Алынған жұмыстардың және (немесе) қызметтердің шығыстары бойынша халықаралық іскерлік операциялар" және "Алынған қарыздар бойынша халықаралық іскерлік операциялар" есептілік нысандары төлеу уақытына қарамастан, импортқа өткізумен байланысты тауарларды сатып алуына, жұмыстардың орындалуына, қызметтердің көрсетілуіне және қарыздардың алынуына қарай, осы Қағидаларға 5, 6 және 7-қосымшаларда келтірілген есептілік нысандарын толтыру бойынша түсіндірмелерге сәйкес толтырылады.

## 4-тарау. Мәмілелер мониторингіне жататын халықаралық іскерлік операцияларды жүзеге асыратын мәмілелерге қатысушылардың мәмілелер мониторингі бойынша құжаттама жүргізу тәртібі

11. Мәмілеге қатысушылар қолданылатын бағаның негізділігін растайтын құжаттама жүргізеді және мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы бойынша оны мемлекеттік кірістер органдарына табыс етеді.

12. Халықаралық іскерлік операцияларда қолданылатын бағалардың негіздемесінде мәмілеге қатысушылар мынадай құжаттама жүргізеді:

1) тауарларды (жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді) өткізу/сату жөніндегі келісімшарттар (шарттар) (толықтырулар және өзгерістермен);

2) Қазақстан Республикасының және шет елдердің компанияларындағы инвестициялар (үлестер, акциялар) туралы мәліметтер;

3) шот-фактуралар (инвойстар), электрондық шот-фактуралар, тауарларды ( жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) қабылдау-беру актілері;

4) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) экспортынан түсімдер бойынша банктен үзінді көшірме;

5) тауарларға арналған декларациялар (екі жақты) (өтініштер);

6) мәмілелер паспорты;

7) тауарлар сапасының сертификаты;

8) тауарлардың шығарылған жерінің сертификаты;

9) нарықтық бағаны айқындау үшін пайдаланылатын ақпарат көздері;

10) нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын әдіс туралы ақпарат;

11) бағалардың дұрыс қолданылуын негіздейтін және тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу/сату жөніндегі шығыстарды (тауарды тасымалдау, сақтандыру, делдал қызметіне ақы төлеуге, порттардағы ауыстырып тиеу бойынша шығыстар, кемені жалға алу, кеден төлемдері мен салықтарды растайтын, теміржол және басқа да көлік жүкқұжаттары, сапа үшін жеңілдіктер мен үстемеақыларды растайтын теңіз коносаменттері және басқа да шығыстар) растайтын басқа да құжаттар.

Мәмілелер мониторингін
жүзеге асыру қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://kgd.gov.kz/ru/content/transfertnoe-cenoobrazovanie-1-1 интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: "Мұнай және (немесе) газ конденсаты экспорты" мәмілелер мониторингі бойынша есептілік.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 1-Э МГК

Кезеңділік: жыл сайын.

Есепті кезең: 20__ жыл.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: "Трансферттік баға белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген тізбеге сәйкес кірістердің (шығыстардың) және (немесе) міндеттемелердің есепті қаржы жылындағы жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, есепті қаржы жылының бірінші қаңтарында қолданыста болатын кемінде 250 000 (екі жүз елу мың) айлық есептік көрсеткішті

құрайтын мұнай және газ конденсаты бойынша халықаралық іскерлік операцияларды жүзеге асыратын салық төлеушілер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 мамырынан кешіктірмей.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

Жинау әдісі: электронды түрде.

## "Мұнай және (немесе) газ конденсаты экспорты" мәмілелер мониторингі бойынша есептілік

| № | БСН | Жөнелтушінің (экспорттаушының) атауы | Салық кезеңі | Тауарларға арналған декларацияның (Өтініштің) күні | Тауарларға арналған декларацияның (Өтініштің) № | ЕАЭО СЭҚ ТН коды | Тауардың атауы | Тауар жөнелту елі | Тауарға меншік құқығы ауысқаннан кейін тасымалдау түрі/ түрлері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

кестенің жалғасы

| Тауарды өндіруші | Тауар белгісінің (сауда маркасының, брендінің) болуы | Тауарды жеткізу шарттары (INCOTERMS бойынша) | Тауарды өткізу күні (меншік құқығының ауысу күні) | Тауарды тиеп жөнелту орны | Тауардың межелі елі | Тауардың межелі елдегі жеткізу пункті | Сатып алушының атауы | Сатып алушының заңды мекенжайы | Сатып алушының тіркелген елі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |

кестенің жалғасы

| Сатып алушының сауда жасайтын елінің коды | Тараптардың өзара байланысы туралы ақпарат (иә/жоқ) | Жеткізуге (сатып алуға-сатуға) арналған келісімшарттың (шарттың) № | Жеткізуге (сатып алуға-сатуға) арналған келісімшарттың (шарттың) күні | Электрондық шот-фактураның № | Электрондық шот-фактураның күні | Өткізу көлемі | | | Құн (келісімшарт (шарт) валютасында) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Баррель | Тонна | Баррелизация коэффициенті | |
| 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 |

кестенің жалғасы

| Мәміле (өткізу) бағасы (келісімшарт (шарт) валютасында) | Келісімшарт (шарт) валютасы | Меншік құқығының ауысу күніне теңге бағамы | Баға белгілеу әдістемесі (формуласы) | Нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын әдіс | Ақпарат көзінің атауы | Дифференциал (ашып жазумен) – FOB "ҚҚК-Р" терминалы" | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | БАРЛЫҒЫ (АҚШ доллары / баррель) | Кемені жалдау бойынша шығыстар | Жүкті сақтандыру бойынша шығыстар | Порттық алымдар бойынша шығыстар |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 31 | 32 | 33 | 34 | 35 | 36 | 37 | 37.1 | 37.2 | 37.3 |

кестенің жалғасы

| Дифференциал (ашып жазумен) – FOB "КҚК-Р" терминалы" | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жүк инспекциясы бойынша шығыстар | Түрік бұғаздарынан өту бойынша шығыстар | 80 (сексен) мың тонна және 140 (жүз қырық) мың тонна танкер партиясының мөлшеріне жеңілдік | Қайтарып алынбайтын аккредитивті ашу және оған қызмет көрсету бойынша банк шығыстары (резидент және бейрезидент арасында) | Тауарды тасымалдау кезіндегі шығындар бойынша шығыстар | Сатып алушы маржасы | Іс-жүзінде нақты жұмсалған басқа да шығыстар (болған кезде) | БАРЛЫҒЫ (АҚШ доллары / баррель) | Кемені жалдау бойынша шығыстар | Жүкті сақтандыру бойынша шығыстар |
| 37.4 | 37.5 | 37.6 | 37.7 | 37.8 | 37.9 | 37.10 | 38 | 38.1 | 38.2 |

кестенің жалғасы

| Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Атырау – Самара бағыты бойынша Қара теңіз порттары | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Порттық алымдар бойынша шығыстар | Жүк инспекциясы бойынша шығыстар | Түрік бұғаздарынан өту бойынша шығыстар | 80 (сексен) мың тонна және 140 (жүз қырық) мың тонна танкер партиясының мөлшеріне жеңілдік | Қайтарып алынбайтын аккредитивті ашу және оған қызмет көрсету бойынша банк шығыстары (резидент және бейрезидент арасында) | Тауарды тасымалдау кезіндегі шығындар бойынша шығыстар | Сатып алушы маржасы | Іс-жүзінде нақты жұмсалған басқа да шығыстар (болған кезде) | БАРЛЫҒЫ (АҚШ доллары / баррель) | Кемені жалдау бойынша шығыстар |
| 38.3 | 38.4 | 38.5 | 38.6 | 38.7 | 38.8 | 38.9 | 38.10 | 39 | 39.1 |

кестенің жалғасы

| Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Махачкала-Новороссийск порты бағыты бойынша Қара теңіз порттары | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жүкті сақтандыр у бойынша шығыстар | Порттық алымдар бойынша шығыстар | Жүк инспекциясы бойынша шығыстар | Түрік бұғаздарынан өту бойынша шығыстар | 80 (сексен) мың тонна және 140 (жүз қырық) мың тонна танкер партиясының мөлшеріне жеңілдік | Қайтарып алынбайтын аккредитивті ашу және оған қызмет көрсету бойынша банк шығыстары (резидент және бейрезидент арасында) | Тауарды тасымалдау кезіндегі шығындар бойынша шығыстар | Сатып алушы маржасы | Ақтау портындағы порттық алымдар бойынша шығыстар | Экспедициялау және көлік-экспедиторлық құжаттарды ресімдеу |
| 39.2 | 39.3 | 39.4 | 39.5 | 39.6 | 39.7 | 39.8 | 39.9 | 39.10 | 39.11 |

кестенің жалғасы

| Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Махачкала-Новороссийск порты бағыты бойынша Қара теңіз порттары | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Каспий теңізінде Ақтау портынан Махачкала портына дейін кемені жалдау | Махачкала порты мен "Дагнефтепродукт" мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу және жеткізу бойынша ашық акционерлік қоғамында ауыстырып тиеу | Танкерлерде және "Дагнефтепродукт" мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу және жеткізу бойынша ашық акционерлік қоғамында жылыту | Ақтау портында сапасы мен санына инспекция жүргізу | Махачкала портында сапасы мен санына инспекция жүргізу | Ақтау портынан "Махачкала" мұнай айдау станциясында № 73 (жетпіс үш) мұнайдың саны мен сапасын өлшеу жүйесіне дейін жүру жолында жүкті сақтандыру | Ақтау порты мен Қара теңіз портынан жөнелтілетін тауар сұрыптарының арасындағы сапа үшін сыйлықақы/жеңілдік | Экспедитордың/тасымалдаушының маржасы (сыйақысы) |
| 39.12 | 39.13 | 39.14 | 39.15 | 39.16 | 39.17 | 39.18 | 39.19 |

кестенің жалғасы

| Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Махачкала-Новороссийск порты бағыты бойынша Қара теңіз порттары | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Теміржолмен жүк тасымалдау құны, тиелген вагондарды жөнелту және бос вагондарды алу, вагондарды тиеу және түсіру | | | Іс-жүзінде нақты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Вагон-цистерналарды жалдау | Теміржол тарифі | пункттеріне беру-алып тастау, тиелген вагондардың тұруы-сақталуы, кірме жолдар бойынша көрсетілетін қызметтері | Ақтау портының терминалдарында ауыстырып тиеу | Теміржолмен тасымалдау экспедиторының маржасы | жұмсалған басқа да шығыстар ( болған кезде) |
| 39.20 | 39.21 | 39.22 | 39.23 | 39.24 | 39.25 |

кестенің жалғасы

| Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Баку/Сангачал-Батуми порты бағыты бойынша Қара теңіз порттары | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| БАРЛЫҒЫ (АҚШ доллары / баррель) | Кемені жалдау бойынша шығыстар | Жүкті сақтандыру бойынша шығыстар | Порттық алымдар бойынша шығыстар | Жүк инспекциясы бойынша шығыстар | Түрік бұғаздарынан өту бойынша шығыстар | 80 (сексен) мың тонна және 140 ( жүз қырық ) мың тонна танкер партиясының мөлшеріне жеңілдік | Қайтарып алынбайтын аккредитивті ашу және оған қызмет көрсету бойынша банк шығыстары ( резидент және бейрезидент арасында) | Тауарды тасымалдау кезіндегі шығындар бойынша шығыстар |
| 40 | 40.1 | 40.2 | 40.3 | 40.4 | 40.5 | 40.6 | 40.7 | 40.8 |

кестенің жалғасы

| Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Баку/Сангачал-Батуми порты бағыты бойынша Қара теңіз порттары | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сатып алушы маржасы | Ақтау портындағы порттық алымдар бойынша шығыстар | Экспедициялау және көлік-экспедиторлық құжаттарды ресімдеу | Каспий теңізінде Ақтау портынан Баку портына дейін кемені жалдау | Ақтау портында сапасы мен санына инспекция жүргізу | CIF Бакудан бастап FOB Батумиге дейінгі учаскеде сапасы мен санына инспекция жүргізу | Ақтау портынан FOB Батумиге дейін жүру жолында жүкті сақтандыру | Ақтау портынан және Қара теңіз портынан тиелетін мұнай сұрыптарының арасындағы сапа үшін сыйлықақы/ жеңілдік |
| 40.9 | 40.10 | 40.11 | 40.12 | 40.13 | 40.14 | 40.15 | 40.16 |

кестенің жалғасы

| Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Баку/Сангачал-Батуми порты бағыты бойынша Қара теңіз порттары | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Экспедитордың / тасымалдаушының маржасы ( сыйақысы) | Цистерналарды жалдау | Теміржол тарифі | Теміржолмен жүк тасымалдау құны, тиелген вагондарды жөнелту және бос вагондарды алу, вагондарды тиеу және түсіру пункттеріне беру-алып тастау, тиелген вагондардың тұруы-сақталуы, кірме жолдар бойынша көрсетілетін қызметтері | Ақтау портының терминалдарында ауыстырып тиеу | Теміржолмен тасымалдау экспедиторының маржасы | Іс-жүзінде нақты жұмсалған басқа да шығыстар ( болған кезде) |
| 40.17 | 40.18 | 40.19 | 40.20 | 40.21 | 40.22 | 40.23 |

кестенің жалғасы

| Дифференциал (ашып жазумен) – Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Баку/Сангачал-Джейхан порты бағыты бойынша Жерорта теңіз порттары | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| БАРЛЫҒЫ (АҚШ доллары / баррель) | Кемені жалдау бойынша шығыстар | Жүкті сақтандыру бойынша шығыстар | Порттық алымдар бойынша шығыстар | Жүк инспекциясы бойынша шығыстар | 80 (сексен) мың тонна және 140 ( жүз қырық ) тонна танкер партиясының мөлшеріне жеңілдік | Қайтарып алынбайтын аккредитивті ашу және оған қызмет көрсету бойынша банк шығыстары ( резидент және бейрезидент арасында) | Тауарды тасымалдау кезіндегі шығындар бойынша шығыстар | Сатып алушы маржасы |
| 41 | 41.1 | 41.2 | 41.3 | 41.4 | 41.5 | 41.6 | 41.7 | 41.8 |

кестенің жалғасы

| Дифференциал (ашып жазумен) – Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Баку/Сангачал-Джейхан порты бағыты бойынша Жерорта теңіз порттары | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ақтау портындағы порттық алым | Экспедициялау және көлік-экспедиторлық құжаттарды ресімдеу | Каспий теңізінде Ақтау портынан Баку/ Сангачал портына дейін кемені жалдау | CIF Баку/ Сангачалдан FOB Джейханға дейін тасымалдау ( сапа банкін қоса алғанда) | Ақтау портында сапасы мен санына инспекция жүргізу | CIF Баку/ Сангачалдан FOB Джейханға дейінгі учаскеде сапасы мен санына инспекция жүргізу | Ақтау портынан және Жерорта теңізінің портынан жөнелтілетін тауар сұрыптары арасындағы сапа үшін сыйлықақы/ жеңілдік |
| 41.9 | 41.10 | 41.11 | 41.12 | 41.13 | 41.14 | 41.15 |

кестенің жалғасы

| Дифференциал (ашып жазумен) – Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Баку/Сангачал-Джейхан порты бағыты бойынша Жерорта теңіз порттары | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Экспедитордың / тасымалдаушының маржасы ( сыйақысы) | Цистерналарды жалдау | Теміржол тарифі | Теміржолмен жүк тасымалдау құны, тиелген вагондарды жөнелту және бос вагондарды алу, вагондарды тиеу және түсіру пункттеріне беру-алып тастау, тиелген вагондардың тұруы-сақталуы, кірме жолдар бойынша көрсетілетін қызметтері | Ақтау терминалында ауыстырып тиеу | Теміржолмен тасымалдау экспедиторының маржасы | Іс-жүзінде нақты жұмсалған басқа да шығыстар ( болған кезде) |
| 41.16 | 41.17 | 41.18 | 41.19 | 41.20 | 41.21 | 41.22 |

кестенің жалғасы

| Дифференциал (ашып жазумен) – Балтық теңіз порттары | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| БАРЛЫҒЫ (АҚШ | Кемені жалдау | Жүкті сақтандыр | Жүк инспекция | Қайтарып алынбайтын аккредитиві ашу және оған қызмет көрсету бойынша банк | Тауарды тасымалдау кезіндегі шығындар | Балтық теңізінің порттарындағы порттық | Роттердам портына кеменің кіргені үшін порттық | Күкірт шығарындыларын бақылау аймағындағы экологиял |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| доллары / баррель) | бойынша шығыстар | у бойынша шығыстар | с ы бойынша шығыстар | шығыстар ы ( резидент және бейрезиде н т арасында) | бойынша шығыстар | алымдар бойынша шығыстар | алымдар бойынша шығыстар | ы қ алымдар ( ЕСА) |
| 42 | 42.1 | 42.2 | 42.3 | 42.4 | 42.5 | 42.6 | 42.7 | 42.8 |

кестенің жалғасы

| | | | | Дифференциал (ашып жазумен) – "Дружба" магистральдық мұнай құбыры | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сатып алушы маржасы | Мұз алымдары | Усть-Луга порты мен Приморск портындағы тауар сапасының арасындағы айырмашылық үшін өтемақы | Іс-жүзінде нақты жұмсалған басқа да шығыстар (болған кезде) | БАРЛЫҒЫ (АҚШ доллары / баррель) | Жүкті сақтандыру бойынша шығыстар | Жүк инспекциясы бойынша шығыстар | Қайтарып алынбайтын аккредитивті ашу және оған қызмет көрсету бойынша банк шығыстары ( резидент және бейрезидент арасында) | Сатып алушы маржасы |
| 42.9 | 42.10 | 42.11 | 42.12 | 43 | 43.1 | 43.2 | 43.3 | 43.4 |

кестенің жалғасы

| | Дифференциал (ашып жазумен) – Теміржол көлігімен экспортталатын шикі мұнай және газ конденсаты | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Іс-жүзінде нақты жұмсалған басқа да шығыстар (болған кезде) | БАРЛЫҒЫ (АҚШ доллары / баррель немесе АҚШ доллары / тонна) | Тасымалдау бойынша шығыстар | Жүк сапасын инспекциялау бойынша шығыстар | Жүк санын инспекциялау бойынша шығыстар | Тауарды тасымалдау кезіндегі шығындар бойынша шығыстар | Іс-жүзінде нақты жұмсалған басқа да шығыстар (болған кезде) | БАРЛЫҒЫ (АҚШ доллары / тонна) | Тасымалдау бойынша шығыстар |
| 43.5 | 44 | 44.1 | 44.2 | 44.3 | 44.4 | 44.5 | 45 | 45.1 |

кестенің жалғасы

| Дифференциал (ашып жазумен) – газ конденсаты | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жүкті сақтандыр | Жүк сапасын инспекциялау | Жүк санын инспекциялау | Кемені жалдау | Порттық алымдар | Қайтарып алынбайтын аккредитивті ашу және оған қызмет | Тауарды тасымалдау кезіндегі шығындар | | Іс-жүзінде нақты жұмсалған басқа да |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| у бойынша шығыстар | бойынша шығыстар | бойынша шығыстар | бойынша шығыстар | бойынша шығыстар | көрсету бойынша банк шығыстары | бойынша шығыстар | Сатып алушы маржасы | шығыстар (болған кезде) |
| 45.2 | 45.3 | 45.4 | 45.5 | 45.6 | 45.7 | 45.8 | 45.9 | 45.10 |

кестенің жалғасы

| API градусы бойынша бағаны түзету | Шикі мұнайға немесе газ конденсатына баға белгілеймдердің атауы | Шикі мұнай немесе газ конденсаты үшін белгіленім кезеңі | Шикі мұнайдың немесе газ конденсатының ресми ақпарат көзінен баға белгіленімі | Спрэд атауы | Спрэд үшін белгіленім кезеңі | Ресми ақпарат көзінен спрэдтің мәні | Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың № | Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың күні |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 46 | 47 | 48 | 49 | 50 | 51 | 52 | 53 | 54 |

Аббревиатураларды ашып жазуы:

АҚШ доллары – Америка Құрама Штаттарының доллары.

БСН – Бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

ЕАЭО СЭҚ ТН – Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы.

ҚҚК-Р – Каспий Құбыржол Консорциумы – Ресей.

CIF – Cost, Insurance, and Freight (Тауардың құны, сақтандыру және кеме жалдау).

FOB – Free on board (Бортта еркін).

INCOTERMS – International Commercial Terms (Халықаралық коммерциялық шарттар).

Ескертпе: "Мұнай және (немесе) газ конденсаты экспорты" есептілік нысанын толтыру бойынша түсіндірме көрсетілген нысанға қосымшада келтірілген.

| | |
|---|---|
| Атауы ________________________________ ______________________________________ | Мекенжайы ____________________________ _________________________________________ |
| Телефоны ____________________________ | Электрондық пошта мекенжайы __________________ __ |
| Орындаушы ______________ ____________ тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон | Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам ________________________________________________ _____ тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы |
| Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда) ___________________________ ______________________________ | |

"Мұнай және (немесе) газ конденсаты экспорты" есептілік нысанына қосымша

**"Мұнай және (немесе) газ конденсаты экспорты" есептілік нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

"Мұнай және (немесе) газ конденсаты экспорты" есептілік нысаны мынадай түрде толтырылады:

1) "№" деген 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі (өтпелі нөмірлеу);

2) "БСН" деген 2-бағанда жөнелтуші - заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

3) "Жөнелтушінің (экспорттаушының) атауы" деген 3-бағанда заңды тұлғаның ( жөнелтушінің) толық атауы көрсетіліп, оның ұйымдық-құқықтық нысанына сілтеме жасалады;

4) "Салық кезеңі" деген 4-бағанда мәмілелер мониторингі бойынша есептілік тапсырылатын кезең көрсетіледі;

5) "Тауарларға арналған декларацияның (Өтініштің) күні" деген 5-бағанда тауарларға арналған декларацияның немесе тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің (бұдан әрі – Өтініш) күні көрсетіледі. Бұл ретте Өтініштің күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен сыртқы экономикалық қызмет жасасқан жағдайда көрсетіледі. Күні "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі;

6) "Тауарларға арналған декларацияның (Өтініштің) №" деген 6-бағанда тауарларға арналған декларацияның немесе Өтініштің нөмірі көрсетіледі (бұл ретте Өтініштің нөмірі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен сыртқы экономикалық қызмет жасасқан жағдайда көрсетіледі);

7) "ЕАЭО СЭҚ ТН коды" деген 7-бағанда Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды көрсетіледі;

8) "Тауардың атауы" деген 8-бағанда экспортталатын тауардың атауы көрсетіледі;

9) "Тауарды жөнелту елі" деген 9-бағанда тауар экспортталатын ел көрсетіледі;

10) "Тауарға меншік құқығы ауысқаннан кейін тасымалдау түрі/түрлері" деген 10-бағанда "Кедендік декларацияны толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – № 378 Шешімі) бекітілген Көлік және тауарларды тасымалдау түрлерінің жіктеуішіне сәйкес тасымалдау түрінің цифрлық коды көрсетіледі. Бұл ретте, егер тауар бірінен кейін бірі бірнеше көлік түрімен тасымалданса, сәйкес кодтар тасымалдау тәртібіне сәйкес, бірінші қолданылатын көлік түрінен бастап көрсетіледі (мысалы, теңіз /өзен көлігімен тасымалдау кезінде "10" коды көрсетіледі. Ал теміржол, одан кейін теңіз/өзен, соңында құбыр көлігімен дәйекті түрде жүзеге асырылатын аралас тасымалдау кезінде "20; 10; 71" кодтары көрсетіледі);

11) "Тауарды өндіруші" деген 11-бағанда осындай деректер болған жағдайда, тауарды өндіруші көрсетіледі;

12) "Тауар белгісінің (сауда маркасының, брендінің) болуы" деген 12-бағанда ондай деректер болған жағдайда, ағылшын тілінде тауар белгісі (сауда маркасы, бренді) көрсетіледі (мысалы, KEBCO немесе CPC Blend);

13) "Тауарды жеткізу шарттары (INCOTERMS бойынша)" деген 13-бағанда тауарды INCOTERMS сәйкес ағылшын тілінде жеткізу шарттары көрсетіледі (мысалы, FOB Ust-Luga или DAP Alashankou ағылшынша бас әріптерімен толтырылады);

14) "Тауарды өткізу күні (меншік құқығының ауысу күні)" деген 14-бағанда тауарды өткізу күні "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі. Тауарды өткізу күні меншік құқығының ауысу күні болып табылады;

15) "Тауарды жөнелту орны" деген 15-бағанда тауарды жөнелту орны ағылшын тілінде көрсетіледі;

16) "Тауардың межеленген елі" деген 16-бағанда тауардың межеленген елі көрсетіледі;

17) "Тауардың межелі елдегі жеткізу пункті" деген 17-бағанда тауардың межелі елдегі жеткізу пункті ағылшын тілінде көрсетіледі;

18) "Сатып алушының атауы" деген 18-бағанда жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе тауарды сатып алушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

19) "Сатып алушының заңды мекенжайы" деген 19-бағанда сатып алушының заңды мекенжайы көрсетіледі;

20) "Сатып алушының тіркелген елі" деген 20-бағанда сатып алушының тіркелген елі көрсетіледі;

21) "Сатып алушының сауда жасайтын елінің коды" деген 21-бағанда № 378 Шешімімен бекітілген Әлем елдерінің жіктеуішіне сәйкес тауарды сататын елдің цифрлық коды көрсетіледі (мәмілеге қатысушы Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарлар өткізілетін келісімшарт жасасқан тұлға тіркелген немесе тұрақты тұратын ел сауда елі деп түсініледі);

22) "Тараптардың өзара байланысы туралы ақпарат (иә/жоқ)" деген 22-бағанда тараптардың (жөнелтуші мен сатып алушының) өзара байланысы туралы ақпарат "иә" немесе "жоқ" форматында көрсетіледі;

23) "Жеткізуге (сатып алуға-сатуға) арналған келісімшарттың (шарттың) №" деген 23-бағанда келісімшарттың (шарттың) нөмірі көрсетіледі;

24) "Жеткізуге (сатып алуға-сатуға) арналған келісімшарттың (шарттың) күні" деген 24-бағанда келісімшарттың (шарттың) күні "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі;

25) "Электрондық шот-фактураның №" деген 25-бағанда электрондық шот-фактураның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

26) "Электрондық шот-фактураның күні" деген 26-бағанда электрондық шот-фактураның күні "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі;

27) "Өткізу көлемі, баррель" деген 27-бағанда өткізу көлемі баррельде көрсетіледі;

28) "Өткізу көлемі, тонна" деген 28-бағанда өткізу көлемі тоннада көрсетіледі;

29) "Өткізу көлемі, баррелизация коэффициенті" деген 29-бағанда үтірден кейін 3 (үш) белгіге дейін дөңгелектелген баррелизация коэффициенті көрсетіледі;

30) "Құн (келісімшарт (шарт) валютасында)" деген 30-бағанда мәміле құны келісімшарт (шарт) валютасында көрсетіледі;

31) "Мәміле (өткізу) бағасы (келісімшарт (шарт) валютасында)" деген 31-бағанда мәміленің келісімшарт (шарт) валютасында үтірден кейін 3 (үш) белгіге дейін дөңгелектелген бағасы көрсетіледі;

32) "Келісімшарт (шарт) валютасы" деген 32-бағанда келісімшарт (шарт) бойынша экспортталатын тауарға төлем жүзеге асырылған валюта көрсетіледі;

33) "Меншік құқығының ауысу күніне теңге бағамы" деген 33-бағанда меншік құқығының ауысу күніне келісімшарт (шарт) валютасына теңгенің ресми бағамы көрсетіледі;

34) "Баға белгілеу әдістемесі (формуласы)" деген 34-бағанда тауарға баға белгілеу формуласы және келісімшарттың (шарттың) ережелеріне сәйкес формуланың ашып жазылуы көрсетіледі (мысалы, P=B+S-D (+/-) K, мұндағы P-тауар бойынша мәміле (сату) бағасы, B-нарықтық баға белгіленімі, S-спрэд, D-дифференциал, K-API градусы бойынша түзету);

35) "Нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын әдіс" деген 35-бағанда Қазақстан Республикасының "Трансферттік баға белгілеу туралы" Заңының 12-бабымен айқындалған және нарықтық бағаны айқындау үшін мәмілеге қатысушы қолданатын әдістердің бірі көрсетіледі;

36) "Ақпарат көзінің атауы" деген 36-бағанда тауардың нарықтық бағасын айқындау үшін қолданылатын ақпарат көзі көрсетіледі;

37) "Дифференциал (ашып жазумен) – FOB "ҚҚК-Р" (Каспий Құбыржол Консорциумы – Ресей) терминалы" деген 37-бағанда дифференциалды құрайтын мөлшерлердің жалпы сомасы барреліне АҚШ долларымен көрсетіледі;

38) "Дифференциал (ашып жазумен) – FOB "ҚҚК-Р" (Каспий Құбыржол Консорциумы – Ресей) терминалы" деген 37.1, 37.2, 37.3, 37.4, 37.5, 37.6, 37.7, 37.8 және 37.9 бағандарда FOB "КТК-Р терминалы" шарттарымен тауарды экспорттау кезінде құжатпен және (немесе) ақпарат көздерімен расталған дифференциалды құрайтын мөлшері көрсетіледі;

39) "Дифференциал (ашып жазумен) – FOB "ҚҚК-Р" (Каспий Құбыржол Консорциумы – Ресей) терминалы" деген 37.10 бағанда 37.1, 37.2, 37.3, 37.4, 37.5, 37.6, 37.7, 37.8 және 37.9 бағандарға енгізілмеген іс-жүзінде жұмсалған шығыстардың мөлшері ашып жазумен көрсетіледі;

40) "Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Атырау – Самара бағыты бойынша Қара теңіз порты" деген 38-бағанда дифференциалды құрайтын мөлшерлердің жалпы сомасы барреліне АҚШ долларымен көрсетіледі;

41) "Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Атырау – Самара бағыты бойынша Қара теңіз порты" деген 38.1, 38.2, 38.3, 38.4, 38.5, 38.6, 38.7, 38.8 және 38.9 бағандарда FOB Атырау – Самара бағыты бойынша Қара теңіздің порты шарттарымен тауарды экспорттау кезінде құжатпен және (немесе) ақпарат көздерімен расталған дифференциалды құрайтын мөлшері көрсетіледі;

42) "Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Атырау – Самара бағыты бойынша Қара теңіз порты" деген 38.10 бағанда 38.1, 38.2, 38.3, 38.4, 38.5, 38.6, 38.7, 38.8 және 38.9 бағандарға енгізілмеген іс-жүзінде жұмсалған шығыстардың мөлшері ашып жазумен көрсетіледі;

43) "Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Махачкала-Новороссийск порты бағыты бойынша Қара теңіз порттары" деген 39-бағанда дифференциалды құрайтын мөлшерлердің жалпы сомасы барреліне АҚШ долларымен көрсетіледі;

44) "Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Махачкала-Новороссийск порты бағыты бойынша Қара теңіз порттары" деген 39.1, 39.2, 39.3, 39.4, 39.5, 39.6, 39.7, 39.8, 39.9, 39.10, 39.11, 39.12, 39.13, 39.14, 39.15, 39.16, 39.17, 39.18, 39.19, 39.20, 39.21, 39.22, 39.23 және 39.24 бағандарда Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Махачкала-Новороссийск порты бағыты бойынша Қара теңіз порттары шарттарымен тауарды экспорттау кезінде құжатпен және (немесе) ақпарат көздерімен расталған дифференциалды құрайтын мөлшері көрсетіледі;

45) "Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Махачкала-Новороссийск порты бағыты бойынша Қара теңіз порттары" деген 39.25 бағанда 39.1, 39.2, 39.3, 39.4, 39.5, 39.6, 39.7, 39.8, 39.9, 39.10, 39.11, 39.12, 39.13, 39.14, 39.15, 39.16, 39.17, 39.18, 39.19, 39.20, 39.21, 39.22 , 39.23 және 39.24 бағандарға енгізілмеген іс-жүзінде жұмсалған шығыстардың мөлшері ашып жазумен көрсетіледі;

46) "Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Баку/Сангачал-Батуми порты бағыты бойынша Қара теңіз порттары" деген 40-бағанда дифференциалды құрайтын мөлшерлердің жалпы сомасы барреліне АҚШ долларымен көрсетіледі;

47) "Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Баку/Сангачал-Батуми порты бағыты бойынша Қара теңіз порттары" деген 40.1, 40.2, 40.3, 40.4, 40.5, 40.6, 40.7, 40.8, 40.9, 40.10, 40.11, 40.12 , 40.13, 40.14, 40.15, 40.16, 40.17, 40.18, 40.19, 40.20, 40.21 және 40.22 бағандарда Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Баку/Сангачал-Батуми порты бағыты бойынша Қара теңіз порттары шарттарымен тауарды экспорттау кезінде құжатпен және (немесе) ақпарат көздерімен расталған дифференциалды құрайтын мөлшері көрсетіледі;

48) "Дифференциал (ашып жазумен) – FOB Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Баку/Сангачал-Батуми порты бағыты бойынша Қара теңіз порттары" деген 40.23 бағанда 40.1, 40.2, 40.3, 40.4, 40.5, 40.6, 40.7, 40.8, 40.9, 40.10, 40.11, 40.12, 40.13, 40.14, 40.15, 40.16, 40.17, 40.18, 40.19, 40.20, 40.21 және 40.22 бағандарға енгізілмеген іс-жүзінде жұмсалған шығыстардың мөлшері ашып жазумен көрсетіледі;

49) "Дифференциал (ашып жазумен) – Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Баку/Сангачал-Джейхан порты бағыты бойынша Жерорта теңіз порттары" деген 41-бағанда дифференциалды құрайтын мөлшерлердің жалпы сомасы барреліне АҚШ долларымен көрсетіледі;

50) "Дифференциал (ашып жазумен) – Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Баку/Сангачал-Джейхан порты бағыты бойынша Жерорта теңіз порттары" деген 41.1, 41.2, 41.3, 41.4, 41.5, 41.6, 41.7, 41.8, 41.9, 41.10, 41.11, 41.12, 41.13, 41.14, 41.15, 41.16, 41.17, 41.18, 41.19, 41.20 және 41.21 бағандарда Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Баку/Сангачал-Джейхан порты бағыты бойынша Жерорта теңіз порттары шарттарымен тауарды экспорттау кезінде құжатпен және (немесе) ақпарат көздерімен расталған дифференциалды құрайтын мөлшері көрсетіледі;

51) "Дифференциал (ашып жазумен) – Қазақстан Республикасының теміржол станциясы және (немесе) Ақтау-Баку/Сангачал-Джейхан порты бағыты бойынша Жерорта теңіз порттары" деген 41.22 бағанда 41.1, 41.2, 41.3, 41.4, 41.5, 41.6, 41.7, 41.8, 41.9, 41.10, 41.11, 41.12, 41.13, 41.14, 41.15, 41.16, 41.17, 41.18, 41.19, 41.20 және 41.21 бағандарға енгізілмеген іс-жүзінде жұмсалған шығыстардың мөлшері ашып жазумен көрсетіледі;

52) "Дифференциал (ашып жазумен) – Балтық теңіз порттары" деген 42-бағанда дифференциалды құрайтын мөлшерлердің жалпы сомасы барреліне АҚШ долларымен көрсетіледі;

53) "Дифференциал (ашып жазумен) – Балтық теңіз порттары" деген 42.1, 42.2, 42.3, 42.4, 42.5, 42.6, 42.7, 42.8, 42.9, 42.10 және 42.11 бағандарда Балтық теңіз порттары арқылы тауарды экспорттау кезінде құжатпен және (немесе) ақпарат көздерімен расталған дифференциалды құрайтын мөлшері көрсетіледі;

54) "Дифференциал (ашып жазумен) – Балтық теңіз порттары" деген 42.12 бағанда 42.1, 42.2, 42.3, 42.4, 42.5, 42.6, 42.7, 42.8, 42.9, 42.10 және 42.11 бағандарға енгізілмеген іс-жүзінде жұмсалған шығыстардың мөлшері ашып жазумен көрсетіледі;

55) "Дифференциал (ашып жазумен) – "Дружба" магистральдық мұнай құбыры" деген 43-бағанда дифференциалды құрайтын мөлшерлердің жалпы сомасы барреліне АҚШ долларымен көрсетіледі;

56) "Дифференциал (ашып жазумен) – "Дружба" магистральдық мұнай құбыры" деген 43.1, 43.2, 43.3 және 43.4 бағандарда "Дружба" магистральдық мұнай құбырымен

тауарды экспорттау кезінде құжатпен және (немесе) ақпарат көздерімен расталған дифференциалды құрайтын мөлшері көрсетіледі;

57) "Дифференциал (ашып жазумен) – "Дружба" магистральдық мұнай құбыры" деген 43.5 бағанда 43.1, 43.2, 43.3 және 43.4 бағандарға енгізілмеген іс-жүзінде жұмсалған шығыстардың мөлшері ашып жазумен көрсетіледі;

58) "Дифференциал (ашып жазумен) – теміржол көлігімен экспортталатын шикі мұнай және газ конденсаты" деген 44-бағанда дифференциалды құрайтын мөлшерлердің жалпы сомасы шикі мұнай бойынша барреліне АҚШ долларымен және газ конденсаты бойынша тоннасына АҚШ долларымен көрсетіледі;

59) "Дифференциал (ашып жазумен) – теміржол көлігімен экспортталатын шикі мұнай және газ конденсаты" деген 44.1, 44.2, 44.3 және 44.4 бағандарда теміржол көлігімен шикі мұнай және газ конденсатты экспорттау кезінде құжатпен және (немесе) ақпарат көздерімен расталған дифференциалды құрайтын мөлшері көрсетіледі;

60) "Дифференциал (ашып жазумен) – теміржол көлігімен экспортталатын шикі мұнай және газ конденсаты" деген 44.5 бағанда 44.1, 44.2, 44.3 және 44.4 бағандарға енгізілмеген іс-жүзінде жұмсалған шығыстардың мөлшері ашып жазумен көрсетіледі;

61) "Дифференциал (ашып жазумен) – газ конденсаты" деген 45-бағанда дифференциалды құрайтын мөлшерлердің жалпы сомасы тоннасына АҚШ долларымен көрсетіледі;

62) "Дифференциал (ашып жазумен) – газ конденсаты" деген 45.1, 45.2, 45.3, 45.4, 45.5, 45.6, 45.7, 45.8 және 45.9 бағандарда газ конденсатты экспорттау кезінде құжатпен және (немесе) ақпарат көздерімен расталған дифференциалды құрайтын мөлшері көрсетіледі;

63) "Дифференциал (ашып жазумен) – газ конденсаты" деген 45.10 бағанда 45.1, 45.2, 45.3, 45.4, 45.5, 45.6, 45.7, 45.8 және 45.9 бағандарға енгізілмеген іс-жүзінде жұмсалған шығыстардың мөлшері ашып жазумен көрсетіледі;

64) "API градусы бойынша бағаны түзету" деген 46-бағанда, егер тауарды сатып алу-сату келісімшартының шарттары бойынша тауардың сапасы тығыздықтың базалық шектерінің стандартты аралықтарынан жоғары/төмен болған жағдайда, API ( эскалация-деэскаляция) градусы бойынша бағаны түзету мөлшері барреліне АҚШ долларымен көрсетіледі. API градусы бойынша бағаны түзету үтірден кейін 3 (үш) белгіге дейін дөңгелектенеді;

65) "Мұнайға немесе газ конденсатына белгіленімнің атауы" деген 47-бағанда ресми танылған ақпарат көздерінде жарияланатын және өткізу бағасын есептеу мақсаттары үшін пайдаланылатын мұнайға немесе газ конденсатына белгіленімнің толық атауы көрсетіледі (мысалы, Brent Dated немесе KEBCO CIF Med);

66) "Мұнай немесе газ конденсаты үшін белгіленім кезеңі" деген 48-бағанда белгіленім кезеңі көрсетіледі. Тауарды теңіз көлігімен өткізген кезде –тауарға меншік құқығы сатып алушыға ауысқан күнге дейін бес белгіленім күнінен аспайтын және

тауарға меншік құқығы сатып алушыға ауысқан күннен кейін бес белгіленім күнінен аспайтын "күні,айы,жылы" немесе "күні,айы,жылы - күні,айы,жылы" форматында, тауарды теңіз көлігімен өткізуді қоспағанда, магистральдық құбыржол көлігімен және көліктің өзге түрімен өткізу кезінде тауарға меншік құқығы сатып алушыға ауысқан айдың бірінші күнінен бастап соңғы күніне дейін "күні,айы,жылы - күні,айы,жылы";

67) "Мұнайдың немесе газ конденсатының ресми ақпарат көзінен белгіленім" деген 49-бағанда тауарды сатып алу-сату келісімшартының шарттары бойынша белгіленім кезеңіне сәйкес шикі мұнай бойынша барреліне АҚШ долларымен және газ конденсаты бойынша тоннасына АҚШ долларымен ресми танылған ақпарат көзінен алынған шикі мұнай немесе газ конденсатының бағасы көрсетіледі. Белгіленім үтірден кейін 3 (үш) белгіге дейін дөңгелектенеді;

68) "Спрэд атауы" деген 50-бағанда ресми танылған ақпарат көздерінде жарияланатын және өткізу бағасын есептеу мақсатында пайдаланылатын спрэдтің толық атауы көрсетіледі (мысалы, Spread vs fwd DTD Brent to Urals (Rotterdam) немесе Spread CPC Blend CIF vs fwd DTD Brent);

69) "Спрэд үшін белгіленім кезеңі" деген 51-бағанда үшінші тарапқа тауарды сатып алу-сату келісімшартының шарттарына сәйкес тиеу терезесінің бірінші күніне дейін оныншы күннен бастап жиырма бесінші күнді қоса алған кезеңі "күні,айы,жылы" немесе "күні,айы,жылы - күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі. Айдың бірінші және екінші онкүндігінде тиеу терезелері бар жүктер үшін тиеу терезесінің бірінші күніне дейін күнтізбелік бірінші күннен жиырма бесінші күнді қоса алған кезеңдегі спрэд ( белгіленім) "күні,айы,жылы" немесе "күні,айы,жылы - күні,айы,жылы" форматында қолданылады;

70) "Ресми ақпарат көзінен спрэдтің мәні" деген 52-бағанда тауарды сатып алу-сату келісімшартының талаптары бойынша белгіленім кезеңіне сәйкес барреліне АҚШ долларымен ресми танылған ақпарат көзінен алынған спрэдтің мәні көрсетіледі. Спрэд мәні үтірден кейін 3 (үш) таңбаға дейін дөңгелектенеді;

71) "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың №" деген 53-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі көрсетіледі;

72) "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың күні" деген 54-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың күні "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі.

Мәмілелер мониторингін
жүзеге асыру қағидаларына
2-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://kgd.gov.kz/ru/content/transfertnoe-cenoobrazovanie-1-1 интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: "Тауарлар экспорты" мәмілелер мониторингі бойынша есептілік.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 2-Э Т

Кезеңділік: жыл сайын.

Есепті кезең: 20__ жыл.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: "Трансферттік баға белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген тізбеге сәйкес кірістердің (шығыстардың) және (немесе) міндеттемелердің есепті қаржы жылындағы жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, есепті қаржы жылының бірінші қаңтарында қолданыста болатын кемінде 250 000 (екі жүз елу мың) айлық есептік көрсеткішті құрайтын тауарлар бойынша халықаралық іскерлік операцияларды жүзеге асыратын салық төлеушілер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 мамырынан кешіктірмей.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

Жинау әдісі: электронды түрде.

**"Тауарлар экспорты" мәмілелер мониторингі бойынша есептілік**

| № | БСН | Жөнелтушінің (экспорттаушының) атауы | Салық кезеңі | Тауарларға арналған декларацияның (Өтініштің) күні | Тауарларға арналған декларацияның (Өтініштің) № | ЕАЭО СЭҚ ТН коды | Тауардың атауы | Тауарды жөнелту елі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

кестенің жалғасы

| Тауарға меншік құқығы ауысқаннан кейін тасымалдау түрі/түрлері | Тауарды өндіруші | Тауар белгісінің (сауда маркасының, брендінің) болуы | Тауарды жеткізу шарттары (INCOTERMS бойынша) | Тауарды өткізу күні (меншік құқығының ауысу күні) | Тауарды жөнелту орны | Тауардың межелі елі | Тауардың межелі елдегі жеткізу пункті | Сатып алушының атауы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |

кестенің жалғасы

| | | | | Жеткізуге (сатып | Жеткізуге (сатып | | | Өткізу көлемі | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

| Сатып алушының заңды мекенжайы | Сатып алушының тіркелген елі | Сатып алушының сауда жасайтын елінің коды | Тараптардың өзара байланысы туралы ақпарат (иә/жоқ) | алуға-сатуға) арналған келісімшарттың (шарттың) № | алуға-сатуға) арналған келісімшарттың (шарттың) күні | Электрондық шот-фактураның № | Электрондық шот-фактураның күні | Өлшем бірлігі | Көлемі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 |

кестенің жалғасы

| Құн (келісімшарт (шарт) валютасында) | Мәміле (өткізу) бағасы (келісімшарт (шарт) валютасында) | Келісімшарт (шарт) валютасы | Меншік құқығының ауысу күніне теңге бағамы | Баға белгілеу әдістемесі (формуласы) | Нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын әдіс | Ақпарат көзінің атауы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 29 | 30 | 31 | 32 | 33 | 34 | 35 |

кестенің жалғасы

| Дифференциал (ашып жазумен) | | | | | | | Белгілеңім кезеңі | Рентабельділік көрсеткіші | Ақпарат көзінен алынған баға немесе рентабельділік | Ақпарат көзінен алынған бағаны немесе рентабельділікті өлшеу бірлігі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Өлшем бірлігі | БАРЛЫҒЫ | Жүкті сақтандыру бойынша шығыстар | Жүк инспекциялау бойынша шығыстар | Тасымалдау бойынша шығыстар | Маржа, сауда брокерінің, трейдердің немесе агенттің комиссиялық (агенттік) сыйақысы не олардың сауда-делдалдық функцияларды орындағаны үшін өтемақы | Іс-жүзінде нақты жұмсалған басқа да шығыстар (болған кезде) | | | | |
| 36 | 36.1 | 36.2 | 36.3 | 36.4 | 36.5 | 36.6 | 37 | 38 | 39 | 40 |

Аббревиатураларды ашып жазуы:

БСН – Бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

ЕАЭО СЭҚ ТН – Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы.

INCOTERMS – International Commercial Terms (Халықаралық коммерциялық шарттар).

Ескертпе: "Тауарлар экспорты" есептілік нысанын толтыру бойынша түсіндірме көрсетілген нысанға қосымшада келтірілген.

| | |
|---|---|
| Атауы ______________________________ ____________________________________ | Мекенжайы __________________________ ______________________________________ |
| Телефоны ____________________________ | Электрондық пошта мекенжайы ________________ ________ |
| Орындаушы _______________ __________ тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон | Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам ________________________________________ ___ тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы |
| Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда) ___________________________ ____________________________ | |

"Тауарлар экспорты" есептілік
нысанына қосымша

**"Тауарлар экспорты" есептілік нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

"Тауарлар экспорты" есептілік нысаны мынадай түрде толтырылады:

1) "№" деген 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі (өтпелі нөмірлеу);

2) "БСН" деген 2-бағанда жөнелтуші - заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

3) "Жөнелтушінің (экспорттаушының) атауы" деген 3-бағанда заңды тұлғаның ( жөнелтушінің) ұйымдастыру-құқықтық нысаны көрсетіле отырып, толық атауы көрсетіледі;

4) "Салық кезеңі" деген 4-бағанда мәмілелер мониторингі бойынша есептілік тапсырылатын кезең көрсетіледі;

5) "Тауарларға арналған декларацияның (Өтініштің) күні" деген 5-бағанда тауарларға арналған декларацияның немесе тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің (бұдан әрі – Өтініш) күні көрсетіледі. Бұл ретте Өтініштің күні Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен сыртқы экономикалық қызмет жасасқан жағдайда көрсетіледі. Күні "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі;

6) "Тауарларға арналған декларацияның (Өтініштің) №" деген 6-бағанда тауарларға арналған декларацияның немесе Өтініштің нөмірі көрсетіледі. Бұл ретте Өтініштің нөмірі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен сыртқы экономикалық қызмет жасасқан жағдайда көрсетіледі;

7) "ЕАЭО СЭҚ ТН коды" деген 7-бағанда Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды көрсетіледі;

8) "Тауардың атауы" деген 8-бағанда экспортталатын тауардың атауы көрсетіледі;

9) "Тауарды жөнелту елі" деген 9-бағанда тауар экспортталатын ел көрсетіледі;

10) "Тауарға меншік құқығы ауысқаннан кейін тасымалдау түрі/түрлері" деген 10-бағанда "Кедендік декларацияны толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан

әрі – № 378 Шешімі) бекітілген Көлік және тауарларды тасымалдау түрлерінің жіктеуішіне сәйкес тасымалдау түрінің цифрлық коды көрсетіледі. Бұл ретте, егер тауар бірінен кейін бірі бірнеше көлік түрімен тасымалданса, сәйкес кодтар тасымалдау тәртібіне сәйкес, бірінші қолданылатын көлік түрінен бастап көрсетіледі (мысалы, теңіз /өзен көлігімен тасымалдау кезінде "10" коды көрсетіледі. Ал теміржол, одан кейін теңіз/өзен, соңында құбыр көлігімен дәйекті түрде жүзеге асырылатын аралас тасымалдау кезінде "20; 10; 71" кодтары көрсетіледі);

11) "Тауарды өндіруші" деген 11-бағанда осындай деректер болған жағдайда, тауарды өндіруші көрсетіледі;

12) "Тауар белгісінің (сауда маркасының, брендінің) болуы" деген 12-бағанда осындай деректер болған кезде, тауар белгісі (сауда маркасы, бренді) ағылшын тілінде көрсетіледі;

13) "Тауарды жеткізу шарттары (INCOTERMS бойынша)" деген 13-бағанда тауарды INCOTERMS сәйкес ағылшын тілінде жеткізу шарттары көрсетіледі (мысалы, FOB Novorossiysk ағылшынша бас әріптерімен толтырылады);

14) "Тауарды өткізу күні (меншік құқығының ауысу күні)" деген 14-бағанда тауарды өткізу күні "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі. Тауарды өткізу күні меншік құқығының ауысу күні болып табылады;

15) "Тауарды жөнелту орны" деген 15-бағанда тауарды жөнелту орны ағылшын тілінде көрсетіледі;

16) "Тауардың межелі елі" деген 16-бағанда тауардың межелі елі көрсетіледі;

17) "Тауарды межелі елдегі жеткізу пункті" деген 17-бағанда тауарды межелі елдегі жеткізу пункті ағылшын тілінде көрсетіледі;

18) "Сатып алушының атауы" деген 18-бағанда жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе тауарды сатып алушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

19) "Сатып алушының заңды мекенжайы" деген 19-бағанда сатып алушының заңды мекенжайы көрсетіледі;

20) "Сатып алушының тіркелген елі" деген 20-бағанда сатып алушының тіркелген елі көрсетіледі;

21) "Сатып алушының сауда жасайтын елінің коды" деген 21-бағанда № 378 Шешімімен бекітілген Әлем елдерінің жіктеуішіне сәйкес тауарды сататын елдің цифрлық коды көрсетіледі (мәмілеге қатысушы Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізу келісімшартын жасасқан тұлға тіркелген немесе тұрақты тұратын ел сауда елі деп түсініледі);

22) "Тараптардың өзара байланысы туралы ақпарат (иә/жоқ)" деген 22-бағанда тараптардың (жөнелтуші мен сатып алушының) өзара байланысы туралы ақпарат "иә" немесе "жоқ" форматында көрсетіледі;

23) "Жеткізуге (сатып алуға-сатуға) арналған келісімшарттың (шарттың) №" деген 23-бағанда келісімшарттың (шарттың) нөмірі көрсетіледі;

24) "Жеткізуге (сатып алуға-сатуға) арналған келісімшарттың (шарттың) күні" деген 24-бағанда келісімшарттың (шарттың) күні "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі;

25) "Электрондық шот-фактураның №" деген 25-бағанда электрондық шот-фактураның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

26) "Электрондық шот-фактураның күні" деген 26-бағанда электрондық шот-фактураның күні "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі;

27) "Өткізу көлемі, өлшем бірлігі" деген 27-бағанда тауардың өлшем бірлігі көрсетіледі;

28) "Өткізу көлемі, көлемі" деген 28-бағанда тауардың өлшем бірлігінде өткізу көлемі көрсетіледі;

29) "Құны (келісімшарт (шарт) валютасында)" деген 29-бағанда келісімшарт (шарт) валютасында құны көрсетіледі;

30) "Мәміле (өткізу) бағасы (келісімшарт (шарт) валютасында)" деген 30-бағанда мәміленің келісімшарт (шарт) валютасында үтірден кейін 3 (үш) белгіге дейін дөңгелектелген бағасы көрсетіледі;

31) "Келісімшарт (шарт) валютасы" деген 31-бағанда келісімшарт (шарт) бойынша экспортталатын тауарға төлем жүзеге асырылған валюта көрсетіледі;

32) "Меншік құқығының ауысу күніне теңге бағамы" деген 32-бағанда меншік құқығының ауысу күніне келісімшарт (шарт) валютасына теңгенің ресми бағамы көрсетіледі;

33) "Баға белгілеу әдістемесі (формуласы)" деген 33-бағанда тауарға баға белгілеу формуласы және келісімшарттың (шарттың) ережелеріне сәйкес формуланың ашып жазылуы көрсетіледі;

34) "Нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын әдіс" деген 34-бағанда Қазақстан Республикасының "Трансферттік баға белгілеу туралы" Заңының 12-бабында айқындалған және нарықтық бағаны айқындау үшін мәмілеге қатысушы қолданатын әдістердің бірі көрсетіледі;

35) "Ақпарат көзінің атауы" деген 35-бағанда тауардың нарықтық бағасын айқындау үшін қолданылатын ақпарат көзі көрсетіледі;

36) "Дифференциал (ашып жазумен)" деген 36-бағанда дифференциал көрсетілген өлшем бірлігі көрсетіледі;

37) "Дифференциал (ашып жазумен)" деген 36.1-бағанда дифференциалды құрайтын мөлшерлердің жалпы сомасы көрсетілген өлшем бірлігімен көрсетіледі;

38) "Дифференциал (ашып жазумен)" деген 36.2, 36.3, 36.4 және 36.5 бағандарда құжатпен және (немесе) ақпарат көздерімен расталған дифференциалды құрайтын мөлшері көрсетіледі;

39) "Дифференциал (ашып жазумен)" деген 36.6 бағанда 36.2, 36.3, 36.4 және 36.5 бағандарға енгізілмеген іс-жүзінде жұмсалған шығыстардың мөлшері ашып жазумен көрсетіледі;

40) "Белгіленім кезеңі" деген 37-бағанда мәміле шарттарына сәйкес мәміле тараптары тиісті биржалық тауарлардың, сондай-ақ бағалары биржалық тауарлардың белгіленімдеріне байланыстырылған биржалық емес тауарлардың күнделікті орташа арифметикалық баға белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәнін айқындайтын кезең ішінде тауарды өткізуге арналған келісімшартта белгіленген, бірақ биржадағы баға белгіленімдері жарияланған, қатарынан күнтізбелік отыз бір күннен аспайтын белгіленім кезеңі "күні,айы,жылы" немесе "күні,айы,жылы - күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі;

41) "Рентабельділік көрсеткіші" деген 38-бағанда қолданылатын рентабельділік көрсеткішінің түрі көрсетіледі (мысалы, сатудың операциялық рентабельділігі немесе сатудың жалпы рентабельділігі);

42) "Ақпарат көзінен алынған баға немесе рентабельділік" деген 39-бағанда ресми танылған ақпарат көзінен немесе биржалық баға белгіленімдері туралы деректерден немесе мемлекеттік органдардан немесе басқа ақпарат көздерінен алынған үтірден кейін 3 (үш) белгіге дейін дөңгелектелген баға немесе рентабельділік, не баға немесе рентабельділік ауқымы көрсетіледі;

43) "Ақпарат көзінен алынған бағаны немесе рентабельділікті өлшеу бірлігі" деген 40-бағанда ресми танылған ақпарат көзінен немесе биржалық баға белгіленімдері туралы деректерден немесе мемлекеттік органдардан немесе басқа ақпарат көздерінен алынған, үтірден кейін 3 (үш) белгіге дейін дөңгелектелген бағаны немесе рентабельділікті өлшеу бірлігі көрсетіледі (мысалы, USD/тонна немесе %).

Мәмілелер мониторингін
жүзеге асыру қағидаларына
3-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://kgd.gov.kz/ru/content/transfertnoe-cenoobrazovanie-1-1 интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: "Орындалған жұмыстардан және (немесе) көрсетілген қызметтерден түсетін кірістер бойынша халықаралық іскерлік операциялар" мәмілелер мониторингі бойынша есептілік.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 3-ІЖҚ

Кезеңділік: жыл сайын.

Есепті кезең: 20__ жыл.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: "Трансферттік баға белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген тізбеге сәйкес кірістердің (шығыстардың) және (немесе) міндеттемелердің есепті қаржы жылындағы жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, есепті қаржы жылының бірінші қаңтарында қолданыста болатын кемінде 250 000 (екі жүз елу мың) айлық есептік көрсеткішті құрайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша халықаралық іскерлік операцияларды жүзеге асыратын салық төлеушілер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 мамырынан кешіктірмей.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

Жинау әдісі: электронды түрде.

**"Орындалған жұмыстардан және (немесе) көрсетілген қызметтерден түсетін кірістер бойынша халықаралық іскерлік операциялар" мәмілелер мониторингі бойынша есептілік**

| № | БСН | Орындаушының атауы | Салық кезеңі | Жұмыс/қызмет атауы | ЭҚЖЖ коды | Жұмысты орындау/қызмет көрсету елі | Жұмысты орындау/қызмет көрсету күні | Бейрезидент-тапсырыс берушінің атауы | Бейрезидент-тапсырыс берушінің заңды мекенжайы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

кестенің жалғасы

| Бейрезидент-тапсырыс берушінің тіркелген елі | Бейрезидент-тапсырыс берушінің сауда жасаушы елінің коды | Тараптардың өзара байланысы туралы ақпарат (иә/жоқ) | Келісімшарттың (шарттың) № | Келісімшарттың (шарттың) күні | Электрондық шот-фактураның № | Электрондық шот-фактураның күні | Құн (келісімшарт (шарт) валютасында) | Мәміле (өткізу) бағасы (келісімшарт (шарт) валютасында) | Келісімшарт (шарт) валютасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |

кестенің жалғасы

| Жұмысты орындау/қызмет көрсету күніне теңге бағамы | Баға белгілеу әдістемесі (формуласы) | Нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын әдіс | Ақпарат көзінің атауы | Салыстырымды экономикалық шарттарға келтіретін факторлар | | | | Рентабельділік көрсеткіші | Ақпарат көзінен алынған баға немесе рентабельділік | Ақпарат көзінен алынған бағаны немесе рентабельділікті өлшеу бірлігі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Өлшем бірлігі | БАРЛЫҒЫ | Маржа | Іс-жүзінде жұмсалған басқа да шығыстар | | | |
| 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 25.1 | 25.2 | 25.3 | 26 | 27 | 28 |

Аббревиатураларды ашып жазуы:

БСН – Бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші.

Ескертпе: "Орындалған жұмыстардан және (немесе) көрсетілген қызметтерден түсетін кірістер бойынша халықаралық іскерлік операциялар" есептілік нысанын толтыру бойынша түсіндірме көрсетілген нысанға қосымшада келтірілген.

| | |
|---|---|
| Атауы ________________________________ ______________________________________ | Мекенжайы _____________________________ __________________________________________ |
| Телефоны ____________________________ | Электрондық пошта мекенжайы _________________ ______ |
| Орындаушы ______________ ___________ тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон | Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам ___________________________________________ ______ тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы |
| Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда) _________________________ _____________________________ | |

"Орындалған жұмыстардан<br>және (немесе) көрсетілген<br>қызметтерден түсетін кірістер<br>бойынша халықаралық іскерлік<br>операциялар" септілік нысанына<br>қосымша

## "Орындалған жұмыстардан және (немесе) көрсетілген қызметтерден түсетін кірістер бойынша халықаралық іскерлік операциялар" есептілік нысанын толтыру бойынша түсіндірме

"Орындалған жұмыстардан және (немесе) көрсетілген қызметтерден түсетін кірістер бойынша халықаралық іскерлік операциялар" есептілік нысаны мынадай түрде толтырылады:

1) "№" деген 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі (өтпелі нөмірлеу);

2) "БСН" деген 2-бағанда орындаушы - заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

3) "Орындаушының атауы" деген 3-бағанда заңды тұлғаның (орындаушының) ұйымдық-құқықтық нысанын көрсете отырып, толық атауы көрсетіледі;

4) "Салық кезеңі" деген 4-бағанда мәмілелер мониторингі бойынша есептілік табыс етілетін кезең көрсетіледі;

5) "Жұмыс/қызмет атауы" деген 5-бағанда орындалған жұмыстың және (немесе) көрсетілген қызметтің атауы көрсетіледі;

6) "ЭҚЖЖ коды" деген 6-бағанда орындалған жұмыстардың және (немесе) көрсетілген қызметтердің экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) көрсетіледі. ЭҚЖЖ кодтары Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми сайтында "

Статистикалық жіктеуіштер" бөлімінде жарияланады (мысалы, көлік-экспедиторлық қызметтер үшін ЭҚЖЖ "52.29" коды қолданылады);

7) "Жұмысты орындау/қызмет көрсету елі" деген 7-бағанда жұмыс орындалатын және (немесе) қызмет көрсетілетін ел көрсетіледі;

8) "Жұмысты орындау/қызмет көрсету күні" деген 8-бағанда жұмысты орындау және (немесе) қызмет көрсету күні "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі;

9) "Бейрезидент-тапсырыс берушінің атауы" деген 9-бағанда жұмыстың және ( немесе) қызметтің бейрезидент-тапсырыс берушінің атауы көрсетіледі;

10) "Бейрезидент-тапсырыс берушінің заңды мекенжайы" деген 10-бағанда жұмыстың және (немесе) қызметтің бейрезидент-тапсырыс берушінің заңды мекенжайы көрсетіледі;

11) "Бейрезидент-тапсырыс берушінің тіркелген елі" деген 11-бағанда бейрезидент-тапсырыс берушінің тіркелген елі көрсетіледі;

12) "Бейрезидент-тапсырыс берушінің сауда жасаушы елінің коды" деген 12-бағанда "Кедендік декларацияны толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген Әлем елдерінің жіктеуішіне сәйкес бейрезидент-тапсырыс берушінің сауда жасайтын елінің цифрлық коды көрсетіледі (мәмілеге қатысушы келісімшарт жасасқан тұлға тіркелген немесе тұрақты тұратын ел сауда жасаушы ел деп түсініледі);

13) "Тараптардың өзара байланысы туралы ақпарат (иә/жоқ)" деген 13-бағанда тараптардың (орындаушы және тапсырыс беруші) өзара байланысы туралы ақпарат "иә " немесе "жоқ" форматында көрсетіледі;

14) "Келісімшарттың (шарттың) №" деген 14-бағанда келісімшарттың (шарттың) нөмірі көрсетіледі;

15) "Келісімшарттың (шарттың) күні" деген 15-бағанда келісімшарттың (шарттың) күні "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі;

16) "Электрондық шот-фактураның №" деген 16-бағанда электрондық шот-фактураның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

17) "Электрондық шот-фактураның күні" деген 17-бағанда электрондық шот-фактураның күні "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі;

18) "Құн (келісімшарт (шарт) валютасында)" деген 18-бағанда келісімшарт (шарт) валютасында құны көрсетіледі;

19) "Мәміле (өткізу) бағасы (келісімшарт (шарт) валютасында)" деген 19-бағанда мәміленің келісімшарт (шарт) валютасында үтірден кейін 3 (үш) белгіге дейін дөңгелектелген бағасы көрсетіледі;

20) "Келісімшарт (шарт) валютасы" деген 20-бағанда келісімшарт (шарт) бойынша орындалған жұмысқа және (немесе) көрсетілген қызметке төлем жүзеге асырылған валюта көрсетіледі;

21) "Жұмысты орындау/қызмет көрсету күніне теңге бағамы" деген 21-бағанда жұмысты орындау және (немесе) қызмет көрсету күніне келісімшарт (шарт) валютасына теңгенің ресми бағамы көрсетіледі;

22) "Баға белгілеу әдістемесі (формуласы)" деген 22-бағанда орындалған жұмыс және (немесе) көрсетілген қызмет бойынша баға белгілеу формуласы және келісімшарттың (шарттың) ережелеріне сәйкес формуланың ашып жазылуы көрсетіледі ;

23) "Нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын әдіс" деген 23-бағанда Қазақстан Республикасының "Трансферттік баға белгілеу туралы" Заңының 12-бабымен айқындалған және нарықтық бағаны айқындау үшін мәмілеге қатысушы қолданатын әдістердің бірі көрсетіледі;

24) "Ақпарат көзінің атауы" деген 24-бағанда орындалған жұмыстың немесе және ( немесе) көрсетілген қызметтің нарықтық бағасын айқындау үшін қолданылатын ақпарат көзі көрсетіледі;

25) "Салыстырымды экономикалық шарттарға келтіретін факторлар" деген 25-бағанда салыстырымды экономикалық шарттарға келтіретін факторлар көрсетілген өлшем бірлігі көрсетіледі;

26) "Салыстырымды экономикалық шарттарға келтіретін факторлар" деген 25.1-бағанда салыстырымды экономикалық шарттарға келтіретін факторлар мөлшерінің жалпы сомасы көрсетілген өлшем бірлігімен көрсетіледі;

27) "Салыстырымды экономикалық шарттарға келтіретін факторлар" деген 25.2-бағанда құжатпен және (немесе) ақпарат көздерімен расталған маржа мөлшері көрсетіледі;

28) "Салыстырымды экономикалық шарттарға келтіретін факторлар" деген 25.3-бағанда іс-жүзінде жұмсалған шығыстардың басқа да мөлшері ашып жазумен көрсетіледі;

29) "Рентабельділік көрсеткіші" деген 26-бағанда қолданылатын рентабельділік көрсеткішінің түрі көрсетіледі (мысалы, сатудың операциялық рентабельділігі немесе сатудың жалпы рентабельділігі);

30) "Ақпарат көзінен алынған баға немесе рентабельділік" деген 27-бағанда ресми танылған ақпарат көзінен немесе биржалық баға белгіленімдері туралы деректерден немесе мемлекеттік органдардан немесе басқа ақпарат көздерінен алынған үтірден кейін 3 (үш) белгіге дейін дөңгелектелген баға немесе рентабельділік, не баға немесе рентабельділік ауқымы көрсетіледі;

31) "Ақпарат көзінен алынған бағаны немесе рентабельділікті өлшеу бірлігі" деген 28-бағанда ресми танылған ақпарат көзінен немесе биржалық баға белгіленімдері туралы деректерден немесе мемлекеттік органдардан немесе басқа ақпарат көздерінен алынған, үтірден кейін 3 (үш) белгіге дейін дөңгелектелген бағаны немесе рентабельділікті өлшеу бірлігі көрсетіледі (мысалы, USD немесе %).

Мәмілелер мониторингін
жүзеге асыру қағидаларына
4-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://kgd.gov.kz/ru/content/transfertnoe-cenoobrazovanie-1-1 интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: "Берілген қарыздар бойынша халықаралық іскерлік операциялар" мәмілелер мониторингі бойынша есептілік.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 4-БҚ

Кезеңділік: жыл сайын.

Есепті кезең: 20__ жыл.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: "Трансферттік баға белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген тізбеге сәйкес кірістердің (шығыстардың) және (немесе) міндеттемелердің есепті қаржы жылындағы жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, есепті қаржы жылының бірінші қаңтарында қолданыста болатын кемінде 250 000 (екі жүз елу мың) айлық есептік көрсеткішті құрайтын қарыздар бойынша халықаралық іскерлік операцияларды жүзеге асыратын салық төлеушілер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 мамырынан кешіктірмей.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Жинау әдісі: электронды түрде.

**"Берілген қарыздар бойынша халықаралық іскерлік операциялар" мәмілелер мониторингі бойынша есептілік**

| № | Қарыз алушының атауы | Қарыз алушының заңды мекенжайы | Қарыз берушінің атауы | Қарыз берушінің заңды мекенжайы | Қарыз шартының № | Қарыз шартының күні | Тараптардың өзара байланысы туралы ақпарат (иә/жоқ) | Қарыздың жалпы сомасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

кестенің жалғасы

| | | | Қарыз бойынша | Қарыз бойынша сыйақылард | | Қарызды өтеудің | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Кезекті транш сомасы | Транш күні | Траншты төлеу мерзімі | мөлшерлеме | ы төлеу кезеңділігі ( ай, тоқсан және тағы басқа) | Қарыздың жалпы мерзімі | түпкілікті күні | Қарыз валютасы |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |

кестенің жалғасы

| Баға белгілеу әдістемесі ( формуласы) | Нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын әдіс | Нысаналы мақсат | Қамтамасыз етудің болуы | Өзге шарттар | Нарықтық ауқым | Ақпарат көзінің атауы | Нарықтық ауқымды есептеу |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 |

кестенің жалғасы

| Салыстырымды экономикалық шарттарға келтіретін факторлар | | | | Бухгалтерлік есепте ескерілетін сыйақы сомасы | Жиынтық кіріске қосылатын сыйақы сомасы | Нарықтық ауқымның қосымша негіздемесі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өлшем бірлігі | БАРЛЫҒЫ | Үстеме баға | Іс-жүзінде жұмсалған басқа да шығыстар | | | |
| 26 | 26.1 | 26.2 | 26.3 | 27 | 28 | 29 |

Аббревиатураларды ашып жазуы:

АҚШ доллары – Америка Құрама Штаттарының доллары.

Ескертпе: "Берілген қарыздар бойынша халықаралық іскерлік операциялар" есептілік нысанын толтыру бойынша түсіндірме көрсетілген нысанға қосымшада келтірілген.

| | |
|---|---|
| Атауы ________________________________ ________________________________ | Мекенжайы __________________________ ________________________________ |
| Телефоны ______________________________ | Электрондық пошта мекенжайы _________________ _________ |
| Орындаушы ________________ ___________ тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон | Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам ______________________________________________ _____ тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы |
| Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда) __________________________ ______________________________ | |

"Берілген қарыздар бойынша халықаралық іскерлік операциялар" есептілік нысанына қосымша

**"Берілген қарыздар бойынша халықаралық іскерлік операциялар" есептілік нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

"Берілген қарыздар бойынша халықаралық іскерлік операциялар" есептілік нысаны мынадай түрде толтырылады:

1) "№" деген 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі (өтпелі нөмірлеу);

2) "Қарыз алушының атауы" деген 2-бағанда заңды тұлғаның (қарыз алушының) ұйымдық-құқықтық нысанын көрсете отырып, толық атауы көрсетіледі;

3) "Қарыз алушының заңды мекенжайы" деген 3-бағанда қарыз алушының заңды мекенжайы көрсетіледі;

4) "Қарыз берушінің атауы" деген 4-бағанда заңды тұлғаның (қарыз берушінің) ұйымдық-құқықтық нысанын көрсете отырып, толық атауы көрсетіледі;

5) "Қарыз берушінің заңды мекенжайы" деген 5-бағанда қарыз берушінің заңды мекенжайы көрсетіледі;

6) "Қарыз шартының №" деген 6-бағанда қарыз шартының және/немесе пайыздық мөлшерлемені немесе шарттың басқа ережелерін ұзартқан немесе өзгерткен жағдайда шартқа қосымша келісімнің нөмірі көрсетіледі;

7) "Қарыз шартының күні" деген 7-бағанда қарыз шартының және/немесе пайыздық мөлшерлемені немесе шарттың басқа ережелерін ұзартқан немесе өзгерткен жағдайда шартқа қосымша келісімнің күні "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі;

8) "Тараптардың өзара байланысы туралы ақпарат (иә/жоқ)" деген 8-бағанда тараптардың (қарыз алушы және қарыз беруші) өзара байланысы туралы ақпарат "иә" немесе "жоқ" форматында көрсетіледі;

9) "Қарыздың жалпы сомасы" деген 9-бағанда келісімшарт (шарт) валютасындағы қарыздың жалпы сомасы көрсетіледі;

10) "Кезекті транш сомасы" деген 10-бағанда келісімшарт (шарт) валютасындағы кезекті транш сомасы көрсетіледі;

11) "Транш күні" деген 11-бағанда траншты төлеу күні "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі;

12) "Траншты төлеу мерзімі" деген 12-бағанда қарыз алушы қарыз берушіден қарыздың әрбір жеке траншын алатын уақыт аралығы немесе нақты күні көрсетіледі;

13) "Қарыз бойынша мөлшерлеме" деген 13-бағанда берілген қарыздың пайыздық мөлшерлемесі көрсетіледі;

14) "Қарыз бойынша сыйақыларды төлеу кезеңділігі (ай, тоқсан және тағы басқа)" деген 14-бағанда пайыздық мөлшерлеме немесе қарызды пайдаланғаны үшін басқа да сыйақылар төленетін жиілік көрсетіледі;

15) "Қарыздың жалпы мерзімі" деген 15-бағанда қарыздың бастапқы кезеңін және одан кейінгі барлық ұзартуларды қоса алғанда, қарыз берілген уақыттың жалпы ұзақтығы көрсетіледі;

16) "Қарызды өтеудің түпкілікті күні" деген 16-бағанда келісімшарттың (шарттың) немесе келісімшартқа (шартқа) қосымша келісімнің талаптарына сәйкес қарыз қаражатын толық өтеу үшін көзделген күн "күні,айы,жылы" форматында көрсетіледі;

17) "Қарыз валютасы" деген 17-бағанда қарыз қаражатының сомалары көрсетілген және келісімшарт (шарт) шеңберінде қаржылық операциялар жүзеге асырылатын валюта көрсетіледі;

18) "Баға белгілеу әдістемесі (формуласы)" деген 18-бағанда келісімшарттың ( шарттың) ережелеріне сәйкес баға белгілеу формуласы және формуланың ашып жазылуы көрсетіледі;

19) "Нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын әдіс" деген 19-бағанда Қазақстан Республикасының "Трансферттік баға белгілеу туралы" Заңының 12-бабымен айқындалған және нарықтық бағаны айқындау үшін мәмілеге қатысушы қолданатын әдістердің бірі көрсетіледі;

20) "Нысаналы мақсат" деген 20-бағанда қарыз қаражаты арналған ерекше мақсаты немесе мақсаты көрсетіледі;

21) "Қамтамасыз етудің болуы" деген 21-бағанда қарыз бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін берілген қамтамасыз етудің болуы немесе болмауы көрсетіледі;

22) "Өзге шарттар" деген 22-бағанда мәміле тараптары үшін заңды маңызы бар қосымша шарттар, ережелер немесе ерекшеліктер көрсетіледі (мысалы, қарыз алушының кредиттік рейтингі);

23) "Нарықтық ауқым" деген 23-бағанда максимум, минимум, жоғарғы және төменгі квартильдер мен медиананы көрсете отырып, нарықтық жағдайларды сипаттайтын мәндер ауқымы көрсетіледі;

24) "Ақпарат көзінің атауы" деген 24-бағанда нарықтық ауқымды айқындау үшін қолданылатын ақпарат көзі көрсетіледі;

25) "Нарықтық ауқымды есептеу" деген 25-бағанда нарықтық деректерді зерттеу және нарықтық ауқымды есептеу әдістемесі көрсетіледі;

